

## ТУМА ТАЛАНТ ТАБИҒАТЫ (Әбіш Кекілбаев шығармашылығы хақында)

Әбішева Ш.С.

*В этой статье говорится о творчестве писателя А. Кекилбаева.*

*This article is written about creation of writer A.Kekilbajev. The world of writer A.Kekilbajev.*

Кез-келген жазушының алғаш қадамын өлең жазудан бастайтыны мәлім. Оның себебі жан сырын лирикамен жеткізуді көздесе, екінші себебі екі ауыз өлең құрау жыр сүйген қазақтың қанына сіңген өнер болса керек. Маңғыстау топырағының тума таланты Әбіш Кекілбаевтың да 1962 жылы шыққан «Алтын шуақ», 1999 жылы жарық көрген «Дүние ғапыл» жыр жинақтарына қарап осы сырды аңғарамыз.

Оның лирикалық өлеңдері қазақ халқының басынан өткен ірі-ірі тарихи оқиғаларды сезіне білген ақынның ой толғанысын білдіреді.

Қаламгердің балалық шағы Ұлы Отан соғысының ауыр кезеңімен тұспа-тұс келгені белгілі. Сол кезеңнің ауыр шындығы ақын ойында, сезімінде орнығып қалғаны оның тырнақалды жыр шумақтарынан анық байқалады. «Сол жылдар әлі жадымда», «Танктер», «Әйел күлкісі», «Біздің бала шағымыз», «Жүректе әлі жатыр мұң» өлеңдері ел басына әңгір таяқ ойнатқан сұрапыл соғыс суреттерін шынайы бейнелесе, «Әке» тақырыбымен берілген топтама өлеңдерінде жас бала әкесін ойлайды, асығы алшы түссе өзін «көкем келеді» деп жұбатады. Әке шаңырағының иесіз қалуы, бүлдіршіннің маңдайынан сипар адамның болмауы, жеңіс күнгі тойдың бұл үйге бұйырмауы оның жанын сыздатып, жүрегін езеді  
«Өзге үйде тойдың әні шарықтаса,

Булығып қайғы уына біз жыладық» [1, 32 б], – деген жолдар жетім баланың екі көзі төрт болып, әкесін күткен сезімін көз алдымызға әкеледі.

Қаламгердің «Дүние ғапыл» жинағына әр жылдардағы өлеңдері енген. Жинақтың басындағы «Таңғы кәлима» өлеңінде ол таңғы кәлимасын «Фатиха» сүресінен бастап елге, жерге амандық тілеп, хақ жолдан адастырмауды Алладан сұраса, кітаптың соңғы өлеңі «Түнгі кәлимамен» аяқталады.

«Туған жер», «Жол жыры», «Туған жерге барғанда» өлеңдерінде ақын туған жерге деген ыстық сезімін асыл анаға деген махаббатымен ұштастыра білген.

Соңғы жылдары, негізінен, басқа жанрға қалам тартқан Әбіштің өзінің ой толғамдарын өлең арқылы танытуы оның көкірегіндегі ақындық сезімнің ұшқыны екені даусыз.

Әбіш Кекілбаевтың проза саласындағы алғашқы қадамы «Бір шөкім бұлт» (1965), «Дала балладалары» (1967), «Дәуірмен бетпе-бет» (1972), «Тырау-тырау тырналар» (1974), «Бір уыс топырақ» (1974), «Құс қанаты» (1978), «Ұйқыдағы арудың оянуы» (1979), «Үркер» (1981), «Талайлы тараз» (2002) сынды кітаптарымен байытты. 1986 жылы «Үркер», «Елең-алаң» романдары

үшін Абай атындағы Мемлекетті сыйлықтың лауреаты атанды. «Құрмет белгісі» орденінің, тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының «Қазақстан Республикасы Президентінің» орденінің иегері. Мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақстан Республикасы Президентінің Бейбітшілік және келісім сыйлығының лауреаты, Қырғызстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қайраткері.

Оның аталған шығармалары кезінде сыншылар мен әдебиет зерттеушілерінің назарына ілігіп оң бағасын алды.

Қаламгердің шығармаларының тақырыптары әр алуан. Әңгіме, повестерінде адамдар арасындағы адамгершілік, ақиқат, мораль мәселелері сөз болады. Қазақ қоғамында орын алған әділетсіздік, күштінің әлсізге жасаған зорлығы, өнер иелерінің қорлықпен, азаппен жаншылуы, адамдар арасындағы бәсеке таластық тағы сол сияқты бұл туындылардың негізгі оқиғаларын құрайды. «Бәріне тән ортақ идея – қараны ақтан, жендетті жауыздан, күштіні әлсізден, айыра білудің қажеттігі, адамгершілік, жақсылық сынды мәңгілік құндылықтарды» [2, 17 б] бағалай білу.

Әбіш Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алаң» романдарындағы адам шындығын дәуірлік шындыққа ұластыра суреттеудегі стильдік алуандығы, алысты жақындатып, не болмаса жақынды алыстатып көрсететін дүрбі салу машығы секілді – салыстырмалы аллегория әдістерін түп қопара қолданған салиқалы, сындалы эксперимент елестейді. Қай шығармасын оқып шықсақ та әрқилы дәуір туғызған әртарап әдеби мектептің барша қасиет-қадірін алақанға салғандай түстеп-танып аламыз.

Орыс классикасында көрініс тапқан романтизм әдісі – жазушының «Аңыздың ақыры» романында танылса, роман жанрындағы классикалық натурализм мектебі «Үркер», «Елең-алаң» дилогиясында жойқын ағысты, кең тыныспен көрінеді.

Әдебиет әлемінің алыптары қолданған реализм стилі «Тасбақаның шөбі», «Күй» «Құс қанаты», «Шыңырау» секілді шығармаларында бейнеленген. Шығарма тұнығында терең пәлсапа жатыр. Кейіпкердің жан, жүрек тазалығы туралы кейінгі әңгімелері қағазға түскен Джойс, Кафка қолданған ой ағыны дейсіз бе, ойдың суреті дейсіз бе – әдебиеттегі авангардизм үрдісінен елес береді.

Қаламгер туындылары әлем тілдеріне аударылды.

Орыс классиктерінен Чеховтың «Ваня ағай», Л.Толстойдың «Соғыс және бейбітшілік» туындыларын қазақша сөйлетуге үлес қосса, Шекспирдің «Король Лир», «Ромео мен Джульетта» трагедияларын, Г.Мопассанның «Пьер мен Жан», «Өмір» романдарын тәржімалаудағы еңбегі орасан. Жапон поэзиясымен бірге Лермонтов, Капиев, Расул Ғамзатов, Гейнеден аудармалары бар. Карл Гаццидің «Тұрандот ханшайымын» қазақша сөйлетсе, Г.Ибсен мен И.Буннинің бірқатар туындыларын, Олжас Сүлейменовтің өлеңдерінде аударуға үлес қосты.

Немістің «Фольк унд Вельт» кітап баспасы жүргізілген сауалнама хаттамасында оның есімі «XX ғасырдың таңдаулы жазушылары» тізіміне енгізілген. Кеңестік кезеңде Одақтық жазушылар алқасының, халықаралық «Лотос» жазушылар сыйлығы қазылар алқасының, орталық «Художественная литература», «Дружба народов» баспалары редакциялық алқаларының мүшесі

болып, Азия-Африка жазушылары халықаралық комитетінің мүшесіне сайланды. Әлем классиктерінің әйгілі туындыларын тәржімалау барысында тәжірибе жинақтаған жазушы өзіне де жоғары талап қою негізінде қазақ прозасына біршама жетістіктер алып келді.

Қаламгер шығармаларын неміс тіліне аударған өзінің қаламдас досы, қазақ мектебінің түлегі, қазақша сөйлегенде сөз өрнегін Жүсіпбек Аймауытовтай айшықтайтын неміс жазушысы Герольд Бельгер Әбіш шығармаларын таза неміс тілінде сөйлетті. Қашан да қай нәрсеге ыждақаттылық таныта қарайтын неміс халқы Әбіш Кекілбаев шығармалары туралы 100-ден астам мақалалар жазды. Олардың арасында Леонгард Кошут, Герберт Кремпцен, Клоус Шнайдер, Зифрид Клейнмихель, Гельмут Земке сынды көптеген әдебиет сыншылары мен ел таңдаулылары бар болатын. Олар: «Кекілбаев романдары мен повестерін оқып біздер қайтадан Томас Манмен кездескендей болдық» [3, 3 б] , – деп ойларын ортаға салады. Қарымды қаламгердің толымды шығармаларын оқыған неміс халқының көптеген басылымдары оны Қазақтың талантты прозашысы, әдебиет феномені деп, «Велт» атты әдеби журналдарының бесінші бетін қазақтың заңғар жазушысы Кекілбаевқа арнапты.

Саясатта Әбіш – елінің үлкен қайраткері. Қазақстан Парламентінің Төрағасы, Мемлекет хатшысы, Президент кеңесшісі, сенатор. Тәуелсіздіктің ұлы көшін бастаған Елбасының көрегенділігі жайында да ең толымды, ең сүбелі сөзді айтқан да осы Әбіш еді.

Ел ордасы Астанаға көшер тұста теледидардан сөйлеген сөзінде Әбіш Президенттің сөзін халыққа былай жеткізген болатын: «Құдай тек ендігі жерде елінің үрейін, тірінің мерейін ұшырмайтындай қып, қай ісімізді де оңға бастыра көргей! Берекеміз молайып – бірлігіміз, әрекетіміз артып – тірлігіміздің оңға басқанын көруге жазғай» [4, 2 б], – деп Елбасы тілек білдіріп, баршаңызға сәлем жолдады дегенде дүйім халық бір толқып қалған еді.

Маңғыстау сенің жерінде,  
Тау да аңыз, тақыр тас та аңыз.  
Алғидың ала шөлінде  
Өшпепті әрбір басқан із.  
Дәріптеп ерді кіл мықты,  
Айтпақ ем аңыз, алайда.  
Аңыздан асқан шындықты,  
Аңыз қып айту оңай ма!  
Айта алмай соны, жан қыстап,  
Жүрейін мен-ақ қарызда.  
Сен жаса, жаса Маңғыстау,

Ақиқат пенен аңызда!, [5, 25 б] – ақын Дүйсенбек Қанатбаев жырлағандай тарихшы Отыншы Көшбаев сөзімен айтқанда жұмбақ жайлап, аңыз өрген Маңғыстау топырағын арда емген ұл Әбіш шексіз сүйген. Оның дәлелі: “...Мен дәл осы арада туыппын. Мен туған жер мен туғанда біздің үйдің тігілген орны екен. Көйлегімді шешіп, рахаттанып жеті рет аунап тұрдым. Енді мен бұл араны өмірбақи ұмытпайтын көрінем. Енді мен бұл араны көзімді байлап қойса да, табатын көрінем. Енді тағдыр мені кең дүниенің қай қырына айдаса да, мен бұл араны тапжылтпай тауып келе алатын көрінем. Енді мен

туған ата-анамды қандай жақсы көрсем, жұмыр жердің осы бір пұшпағын да сондай жақсы көретін көрінем. Өйткені ол маған өмір сыйлапты, мынау кең дүниені түгел сыйлапты» [2, 32 б], – деп тебіренеді киелі топырақтың тума таланты «Ұйқыдағы арудың оянуы» шығармасында

«Алып анадан туады» демекші, осындай дарабоз дархан талантқа жарық дүние сыйлаған, қазірде Қамыспай топырағын мәңгі мекен еткен марқұм Айсәуле шешеміз осы жалғыз тұяқтың тілегін тілеген екен. 2002 жылдың осынау Айсәуле шешеміз өмірден озған қаралы күнін мемлекет қайраткері, белгілі ғалым Мырзатай Жолдасбеков былай еске алады. «Асыл ананың ұрпақтарына көңіл айтып, ел анасының жарты ғасырға жуық қызметіне жараған Клара замандасымызға «Ардақты ананың соңғы сөзі не болды?» деп сұрағанымызда, Ана сөзі: «Әбішті ренжітпеңдер!» болыпты. Жарықтық-ай десеңші! Ел анасы артында қалып бара жатқан қалың жұртына, біреуміз бақ сынасып, біреуміз ат сынасып жүрген қалың жамиятына маңдайы жарқыраған жалғыз ұлын аманаттап кеткен екен ғой», – деп тебірене еске алады жанашыр аға.

Өзі ұшырды қыран көз қарашығын,  
Өзі қолмен қалады дала шыңын.  
Жалғызына сыйлапты өз басының,  
Екі жұрттың жинақтап бар асылын

деп, – Сайын Назарбек жырға қосқандай Асыл ананың дарабоз тарланы, әлемді мойындатқан Әбіш Кекілбаев биыл 70 жаста. Жаратқан Иемізден асыл ағаның амандығын тілейміз.

#### **Әдебиеттер:**

1. Кекілбаев Ә. «Алтын шуақ». – Алматы: 1962.
2. Кекілбаев Ә. «Ұйқыдағы арудың оянуы» – Алматы: 1979.
3. Бельгер Г. Қазақ әдебиеті. 2000. №5
4. «Егемен Қазақстан» 1999. №3.
5. Қанатбаев Д. Жырлайды жүрек. – Алматы: 1998.